



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті
Жаратылыстану-география факультеті**



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Сіздерді профессор В.В.Ивановтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Солтүстік Каспий биоалуантүрлілігі:жергілікті зерттеулерден жаһандық түсінікке дейін» атты **«Иванов оқулары – 2025»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады. Конференция **2025 жылдың 25-26 қыркүйегінде, жергілікті уақыт бойынша сағат 11.00-де өтеді.**

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. В.В. Ивановтың ғылыми мұрасы және дала қауымдастықтары тұрақты дамуының заманауи трендтері;
2. Экожүйелер – биоалуантүрлілікті жаһандық басқарудың кілті ретінде;
3. Биоалуантүрлілікті бағалауға арналған мәліметтерінің интеграциясы: жергілікті далалық өлшемдерден жаһандық цифрлық платформаларға дейін;
4. Дәстүрлі жаратылыстану білімдері мен заманауи ғылыми зерттеулердің синергиясы.

Конференция мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде онлайн және оффлайн форматта өткізіледі (конференцияға қосылу үшін сілтеме жеке хабарлама ретінде жіберіледі). Конференция материалдары тура көшірме жасалған электронды және ғылыми жинақ түрінде басып шығарылады.

Конференцияға қатысу үшін **2025 жылдың 28 маусым күніне** дейін ұйымдастыру комитетіне төмендегі құжаттарды жіберуіңіз қажет:

- конференцияға қатысу туралы өтініш (өтініш үлгісі төменде берілген);
- ұйымдастыру жарнасының төленуі жөніндегі түбіртектің сканерленген көшірмесі;
- ivanov.okulary2022@mail.ru электрондық поштаға жіберілген мақалалар.

Конференция материалдарының жинағында мақаланы қағаз тасығышта жариялау құны **8000** теңгені құрайды (авторлардың қалауы бойынша). Конференция материалдарының электронды жинағындағы мақалалар тегін жарияланады.

Банк реквизиттері:«ҚР Халық банкі»АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы, ЖСККЗ176010181000011617, БСННСВKKZKX, БСН 000340002393, Кбе 16.

Төлем мақсаты: *«Иванов оқулары – 2025»конференция материалдарының жинағында мақаланы қағаз форматында жариялау үшін», Бірінші автордың фамилиясы».*

Конференцияға қатысу шығындары қатысушының өз есебінен немесе жолдаған мекеменің есебінен төленіледі.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 121, М.Өтемісов атындағы БҚУ, жаратылыстану-география факультеті, №5 оқу ғимараты,3-қабат, 34-каб., тел.: 8(7112) 50-35-49.

Конференция материалдарына қойылатын талаптар:

Баяндамалар мәтіні Word 2003-2010 мәтіндік редакторында А4 (210 x 297 мм) форматта, «Times New Roman» шрифтiсiмен терілу қажет (шрифт өлшемі – 12 пт,

жоларалық қашықтық– 1 см, жоғары және төменгі жиегі – 20 мм, сол жақ жиегі – 30 мм., оң жақ жиегі -15 мм.).

Мақаланың жоғарғы сол жақ шетіне **ӘОЖ** (әмбебап ондық жүйе) индексі жазылады. Бір жол тастап жол ортасында **мақала атын қою бас әріптермен, ортаңғы жерге жазылады.**

Мақала атауынан кейін **жол қалдырып оң жақта курсивпен автордың аты-жөні,** ғылыми дәрежесі мен атағы және атқаратын қызметі көрсетіледі.

Келесі **жолда курсивпен** автордың қызмет орны, орналасқан қаласы, электронды поштасы көрсетіледі. Егер авторлар әртүрлі мекемелерден болса, авторлардың аты-жөнінен соң реттік тәртіппен жақшаға алынған мекеме нөмірі қойылады.

Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін жаңа жолдан басталады (ені бойынша түзеу, жаңа жол бойынша түзеу – 1,0 см). Жаңа жолды (абзац) *Tab* немесе *Бос орын* (пробел) батырмалары арқылы қоюға болмайды.

Мәтіннің соңында 1 жол тастап **жол ортасында қою әріптермен Әдебиеттер** сөзі жазылады. **Әдебиеттер тізімі** МемСТ 7.05-2008 сілтеме ретімен беріледі (12 пт шрифт).

Графикалық материалдар ақ-қаратүсте JPEG форматында жасалады. Беттің бағдарлануы – кітаби (кестелер мен суреттерді қоса алғанда). Суреттердің аттары мен нөмірлері оның астында, ал кестелердің аттары мен нөмірлері үстінде беріледі, формулалардың оң жағындағы нөмірлері көрсетіледі. Мақалада және әдебиеттер тізімінде нумерацияны автоматты түрде қоюға болмайды. Әдебиеттерге сілтемелер квадрат (шаршы) жақшамен, ал суреттер мен кестелерге сілтеме дөңгелек жақшамен келтіріледі.

Мақаланың көлемі 3 беттен кем емес және 5 беттен аспауы тиіс.

Электрондық нұсқада файлдың аты бірінші автордың тегі және мақала атауының алғашқы үш сөзінен құралуы тиіс.

Материалдарды алғаннан кейін ұйымдастыру комитеті 5 күн ішінде авторға материалдарды жариялауға қабылдау туралы хабарлама жібереді.

Аталған талаптарға сәйкес келмейтін немесе белгіленген уақыттан кешіктірілген материалдар қарастырылмайды және төлем ақысы қайтарылмайды.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

ӘОЖ 911.8

ARCGIS 10.8.1 БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ КҮРШІМ ӨЗЕНІ АЛАБЫНДАҒЫ К КОЭФИЦИЕНТІН АНЫҚТАУ (RUSLE ФОРМУЛАСЫ)

Рамазанова Н.Е. – PhD доктор, қауымдастырылған профессор,

Тұрыспекова Э.М. – 2 курс докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Нұрсұлтан қ.

nurgulram@gmail.com, elvira.turyspekova@mail.ru

Топырақ – дүниежүзілік азық-түлік өндірісінде маңызды рөл атқаратын сарқылмайтын табиғи ресурс. Топырақтың маңыздылығы көміртегі циклінде яғни, суды сақтау мен фильтрациялауда, су тасқыны мен құрғақшылық кезеңдерінде байқалады. Бірақ, адам әрекетінің қарқынды әсерінің нәтижесінде топырақ өзінің маңызды функцияларын орындауды тоқтатуда. Бүгінгі таңда жаһандық топырақ ресурстарының шамамен 33% - ы эрозияға ұшыраған [1]. Топырақ эрозиясы – жер ресурстарына, сонымен қатар халық шаруашылығына елеулі зиянды әсерін тигізетін интенсивті және кең таралған геоморфологиялық үрдістердің бірі.

Әдебиеттер

1) Дэвид Р. Монтгомери – Почва эрозия цивилизации //Продовольственная и сельскохозяйственная организация объединенных наций. Субрегиональное отделение по Центральной Азии Анкара, 2015. – 385 с.

2) Джаналеева Г.М., Мусабаева М.Н. Қазақстан Республикасының физикалық географиясы: оқулық ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана, 2016. – 579 с.

3) Darbayeva, T., Ramazanova, N., Chashina, B., Wendt, J.A., Atasoy, E Modeling soil erosion in the Chagan river basin of the west Kazakhstan with using RUSLE and GIS tools // Journal of Environmental Biology, 2020, 41(2), стр. 396–404.

4) Bikram Prasad, R K Jaiswal and Dr H.L Tiwari, “Assessment of environmentally stressed areas for soil conservation measures using usped model”, International Journal of Engineering Research, 2014.

Конференцияға қатысу туралы өтініш:

Тегі, аты-жөні (толықтай)	
Ұйымның аты (толықтай)	
Қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Мақаланың тақырыбы	
Секцияның тақырыбы	
Мекен жай, телефон, e-mail	
Жарнасының төленуі жөнінде түбіртек	
Конференцияға қатысу түрі	

Сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне хабарласу:

1. Утебалиева Бакжан Едигеқызы ұялы телефоны: +77055122439
2. Бохорова Светлана Николаевна, ұялы телефоны: 87759063948

Ұйымдастыру комитеті